

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 245-ө өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 3-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 245-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының Су кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 21-жолда:

"Орындау мерзімі" деген бағанда "2003 ж. қараша" деген сөздер "2004 ж. шілде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жауапты орындаушы" деген бағанда "АШМ, ККМ" деген қысқартылып жазылған сөздер "ККМ, АШМ" деген қысқартылып жазылған сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімінің атауы" деген бағандағы реттік нөмірі 23-жолда: "және оларды пайдалану ережесін" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 27-жолмен толықтырылсын:

"27 Кеме жүретін су жолдарын 2004 ж. ККМ,  
пайдалану ережесін бекіту туралы шілде АШМ,  
ДСМ".

*Премьер-Министр*